


СурCut бағдарламасын жүктейміз, тіркелеміз. Барлық дайын болған фрагменттерді бірге жинап, монтаждаймыз.Субтитр еңгіземіз. Біздің мультфильм дайын!

Мультфильмге сілтеме: https://youtu.be/l-aqE3v1sfk?si=Pvr2-3Zc_YGUK1xe

Қорытындылай келе, жасанды интеллект қолдану аймақтарын айтатын болсақ, қазіргі кезде 46 түрлі жасанды интеллект қолданбаларынан алты негізгі санат құрылды. Әрбір жасанды интеллект қолданбасы санат бойынша тек бір рет есепке алынды. Жасанды интеллект қолданбаларының көпшілігі (65%) болжау санатына жатады екен. Одан кейін 15% жобалау санаты келеді. Үлгіні тану санаты 10% құрайды, жеке процесін оңтайландыру 4%, нақты санатқа тағайындалмаған жасанды интеллект қолданбалары 2% құрайды. Одан кейін 5% жасанды интеллект санаттарына келеді екен. [3, 12-146].



[3, 156].

Әдебиеттер:

1. Studies in Educational Research and Development, 2023.
2. Издательский дом Среда. Михнев, И. П. Мультимедийные технологии в образовании: положительные и отрицательные аспекты / И. П. Михнев, А. Д. Реут // Современные тенденции развития системы образования [Электронный ресурс] : материалы Международной научно-практической конференции (Волгоград, 2018). – URL: <https://doi.org/10.31483/r-517> (дата обращения: 09.12.2025). – Режим доступа: свободный.
3. Artificial Intelligence in chemistry research-implications for teaching and learning.

Ә. Қанатқызы, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университеті, дене мәдениеті және спорт факультеті, ДМЖС-24-4, студент
(*Ғылыми жетекші, б.ғ.к. қауымдастырылған профессор М.Т. Бодеев*)

БАСТАУЫШ СЫНЫП ЖАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА СПОРТЫНА ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Жоғары жетістіктер спортының қарқынды дамуда және балалармен жүйелі де, жоспарлы жұмыстар жүргізу арқылы болашақ чемпиондарды даярлаймыз. Балалардың қимыл-қозғалыс сапалары мен дағдыларын қалыптастыру арқылы болашақ спортшыларды тәрбиелеуге болады. Ал спорт бала ағзасының үйлесімді дамуына ықпал етіп, нерв жүйесі мен иммунитетін нығайтады, жалпы ағзасына оң әсер етеді. Сонымен қатар, спортпен шұғылдану баланың мінез-құлқын қалыптастырады, тәртіптілікке үйретеді және жігер сапасын шыңдайды.

Спорт түрінің мазмұнын байыта түсетін, жалпы алғанда адам ағзасына тигізетін ықпал зор спорт түрі – жеңіл атлетика. Жеңіл атлетикамен шұғылдану арқылы адам бойындағы барлық дерлік сапаларды дамытуға болады. Жүгіру түрлері, спорттық снарядты лақтырулар мен секірулер ағзаны шыңдап қана қоймай, баланың ойлау қабілетіне де оң әсер ететіндігі белгілі. Алайда балалар үшін бірсарынды орындалатын қимыл-қозғалыстар, ұзақ уақытқа жүгір немесе теннис добын лақтыру секілді жаттығулар аса қызықты болмауы мүмкін. Ол үшін дене шынықтыру сабағын әдістемелік тұрғыдан дұрыс құрып, орындалатын жаттығуларды түрлендіру керек. Әрине, балалардың жалпы спорт түрлеріне деген қызығушылықтарын арттыру бойынша

жүргізілген зерттеу жұмыстары баршылық және олардың көпшілігі спорт ойындары мен жекесайыс түрлеріне арналған [1-3].

Дене шынықтыру сабағында ұсынылатын жаттығуларды балалардың даярлық деңгейлері мен қызығушылықтарын ескере отырып өткізсе, сондай-ақ орындалатын жаттығуларды қозғалмалы ойын түрлерімен араластырып үйретсе, олардың жеңіл атлетика спортына деген ынта-жігерлерін арттыруға болады деп болжам айтуға болады. Ол үшін балалардың спорт түрлеріне деген қызығушылықтарын арттыратын педагогикалық шарттарды анықтап, теориялық тұрғыдан негіздеу керек. Ол үшін балалардың күн тәртібіне дене жаттығулары мен ойын түрлерін енгізу бойынша мақсатты жүргізілетін іс-шаралар, белгілі бір жаттығу түрлерін орындауға деген ыңғайларын уақытында анықтау, сондай-ақ қажетті қимыл-қозғалыс біліктіліктері мен дағдыларды қалыптастырып, дене сапаларын жүйелі шыңдау керек. Ол үшін ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдап, балалардың спортқа деген қызығушылығын қалыптастыратын факторларды, оның ішінде дене шынықтыру пәнінің рөлін анықтаған дұрыс. Яғни, дене шынықтыру сабақтарын ұтымды ұйымдастыру арқылы дене сапаларын арттыру және жеңіл атлетика спортының адам денсаулығы үшін маңызын түсіндіре келе, балалардың осы спорт түріне деген қызығушылықтарын арттыруға болады деген болжам айтуға болады.

Баланың жеңіл атлетика спортына деген қызығушылығын қалыптастыру мәселесі қазіргі уақытта үлкен маңызға ие. Себебі қызығушылық баланың оқу-жаттығу процесіне деген белсенділігін арттыратын бірден-бір құрал. Нәтижесінде оның жеңіл атлетикадағы жүгіру, секіру және спорттық снарядтылықты секілді қимыл-қозғалыс әрекеттерінің техникасы мен тактикасын игеруге деген мотив қалыптасып, тіпті қажырлы да қайратты тұлға қалыптастыруға зор ықпалын тигізеді. Сонымен қатар зерттеу жұмыстарында адамның қызығушылығының қажеттілік, мотив және эмоциялық-жігер сапаларымен байланысы бар екені анықталған. Міне, сондықтан да дене шынықтыру сабақтары арқылы қызығушылықты қалыптастыру маңызды сұрақтардың бірі болып қала бермек.

Бастауыш сынып оқушыларының қызығушылығын арттыру жүйесін ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеуді оқу-жаттығу процесінің теориясының іргелі ережелеріне сүйене отырып құру керектігі күмән тудырмайды. Алайда қазіргі таңдағы жас атлеттердің хал-ахуалын ескеретін болсақ, кейбір бағыттар бойынша жүргізілетін іс-шаралар көңілді алаңдататыны белгілі және оны осы салада қызмет етін жүрген мамандар мойындайды [4].

Көптеген жұмыстар балалар мен жасөспірімдердің дене сапаларының динамикасын зерделеуге арналған. Солардың ішінде жеңіл атлеттердің жылдамдық-күш, шапшаңдық және төзімділік сапаларына арналған еңбектер бар. Қимыл-қозғалыс үйлесімділігі, ептілік қасиеттерінің жас аралық ерекшеліктері де зерттелген, алайда отандық ғылыми-әдістемелік еңбектер жоқтың қасы [5, 6].

Ғалымдарды қимыл-қозғалыс қасиеттерінің ерекшеліктерін жиі қарастыруларын түсінуге болады. Себебі аталған қасиеттерді өлшеуге бағалауға арналған әдістер баршылық және қолжетімді. Алайда сол қасиеттерді қалыптастырып, балалардың дербес ерекшеліктерін ескере отырып, олардың футбол ойынына қызығушылығын арттыру өте қиын.

Баланың спортпен шұғылдануын және сол спорт түріне деген қызығушылықты қалыптастыру мәселелерін қарастырған еңбектерде, атап айтқанда спорт ойындарына, шаңғы спортына деген қызығушылықты қалыптастыру мәселелерін қарастырған және сол спорт түрлеріне итермелейтін себептерді анықтаған. Сонымен қатар итермелейтін күшті дамытудың мынадай кезеңдерін анықтаған:

- спортқа итермелейтін күш дене шынықтыру сабақтарымен шұғылданған кезде пайда болады және баланың түрлі спортпен шұғылануға деген сезімі оянады, тіпті таңдау жасауға деген даулы жағдай туындайды;

- белгілі бір спорт түріне деген арнайы қызығушылықты ояту және дамыту. Оған мұғалімнің таңдап алған спорт түрі және мамандану дәрежесі ықпал етуі мүмкін. Нәтижесінде таңдап алған спорт түріне деген тұрақты көзқарас қалыптасатын арнайы білім деңгейін кеңейтуге ұмтылыс пайда болады;

- терең, тұрақты қызығушылық. Ол негізінен спорттық шеберлік дәрежесімен байланысты. Жоғары жетістікті сақтап қалу және сол спорт түріне жетілдіру, ең жоғары жетістіктерге жетуге ұмтылу секілді мотивтермен нығая түседі. Яғни, бұл дәреже мотивтің дербестігін дәлелдейді. Онда мотивтің қоғамдық, әлеуметтік бағыттылығы анық байқалады [7].

Зерттеушілердің бір бөлігі қызығушылықты қалыптастыруды дене шынықтыру сабағының дидактикалық мүмкіндіктерімен, екіншілері педагогикалық шарттармен байланыстырса, басқалары отбасы рөлі тұрғысынан қарастырған [8, 9].

Біздің көзқарасымыз бойынша, жеңіл атлетикаға деген қызығушылықтың жан-жақты зерделеп, ғылыми зерттеулер жүргізгенде ғана пікір айтуға болады. Ол үшін жеңіл атлетика түрлерінің құрылымын, балалардың жасаралық даму динамикасын, олардың осы спорт түріне деген қызығушылығын арттыратын күштер мен дамыту факторларын анықтау қажет.

Балаларды жеңіл атлетикадан оқу-жаттығу процесіне тарту және спорт резервтерін даярлау негіздерін ғалымдар жан-жақты зерделеген. Қазіргі уақытта ол қағидалардың теориялық және әдістемелік ережелерін қайта қарау мәселелері көтеріліп жатыр. Жас спортшылардың қызығушылығын арттыру бірқатар ғылыми-әдістемелік кешендердің көмегімен шешілетіні белгілі. Балалар мен жасөспірімдер спортын бағдарламалық-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз ету – бірінші кезекте шешілуі керек мәселе. Ол жеңіл атлетикадан өтетін

оқу-жаттығу процесінің мазмұнын, әдіс-тәсілдерін, дайындық сапасын және сонымен қатар тәрбие жұмыстарын нақтылуға мүмкіндік береді.



1-сурет. – Жеңіл атлетикамен шұғылданатын оқушылардың дайындық жүйесінің үлгісі

Балалар мен жасөспірімдер футболының теориясы мен практикасындағы зерттеу мәселесінің бағыты «көлденең кесінді» қағидасы бойынша құрылады. Яғни белгілі бір топтың сенситивті кезеңдеріндегі қандайда бір сапалардың даму қарқыны алдыңғы топтағы балалардың қарқыны бойынша анықталады. Сенситивті кезеңдерді анықтауда қолданылатын осындай ғылыми-әдістемелік жол жеткілікті деңгейде ақпарат береді дей алмаймыз.

Сонымен, балалардың сенситивті кезеңдегі дене сапаларының жасаралық динамикасына ерекше назар аудару керек. Балалар мен жасөспірімдер спорты саласындағы ғылыми зерттеулерге қойылатын қазіргі заманғы талаптар, балалардың жеңіл атлетикаға қызығушылығын арттыруда сенситивті кезеңдерді уақытылы және дұрыс пайдаланудың педагогикалық шарттарын қарастыру керек. Осы тұрғыдан алып қарағанда, әр сапаның тиімді дамуындағы жас шекараларының көпжылдық динамикасы нақтылау, ондай кезеңдерді тәжірибе жүзінде тексеру заңдылық болып табылады. Ал ол үшін мектептегі дене шынықтыру бағдарламасында қамтылған жеңіл атлетика бөлімі дұрыс өткізілуі керек. Себебі, бала ағзасының қызмет ету мүмкіндігі дене жүктемелеріне толығымен сәйкес келгенде ғана оқу-жаттығу процесі жақсы әсер қалдырады. Сондықтан, қазіргі заманғы теориялық ілімдері негізінде, дене жүктемелерін балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып құру жоғары маңызға ие болады [10-11].

Әдебиет:

1. Бодеев М.Т., Сейтқали Б.Е. Мектепте дене шынықтыру сабақтарында жеңіл атлетиканы оқытудың заманауи әдістемесі // Дене шынықтыру және спорт мәселелері. – Алматы, 2021. – №1. – Б. 15–22
2. Оразбаев Н.Е., Дүйсенбекова А.С. Жеңіл атлетикамен шұғылданатын оқушылардың жасаралық даму динамикасын зерттеу нәтижелері // Дене шынықтыру және спорт ғылымы. – Алматы, 2024. – №2. – Б. 11–18.
3. Бодеев М.Т. Қошанов Н.М. Төменгі сынып оқушыларының дене тәрбиесі мен спортқа қызығушылықтарын қалыптастыру мәселелері / Сборник статей «Актуальные научные исследования в современном мире». – Перяслав-Хмельницкий, 2015. – Б. 92-95.
4. Умирханова Г.Б. Жеңіл атлетика: оқу құралы. Алматы: «Альманах» баспа үйі, 2019. – 110 б.
5. Умирханова Г.Б., Нурлыбаева А.К. Жасөспірімдерді жеңіл атлетикаға тартудың психологиялық-педагогикалық шарттары // Педагогика және психология. – Алматы, 2021. – №3. – Б. 44–51.
6. Нурмағамбетов Е.Д. Жеңіл атлетика сабақтарында ойын технологияларын қолдану арқылы оқушылардың мотивациясын арттыру // Спорт және денсаулық. – Шымкент, 2022. – №1. – Б. 18–25.
7. Байжанов Т.К., Ергалиева Р.С. Спорт резервтерін даярлауда жас спортшылардың қызығушылықтарын қалыптастырудың дидактикалық шарттары // Ғылым және білім. – Астана, 2023. – №3. – Б. 28–35.
8. Бодеев М.Т., Алимжанов Е.М., Есенбеков Б.Б. Төменгі сынып жасындағы балалардың футбол ойынына қызығушылықтарын қалыптастыру: «Спорт. Жастар. Тәрбие» атты аймақтық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. Қарағанды, 2018. Б. – 8-12.
9. Есмағамбетов З.Е. Дене тәрбиесін өткізу және басқару (жоғары және арнаулы оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы). – Қарағанды, 2004. – 233 б.
10. Алимбеков А.С., Жақсыбекова Д.Т. Бастауыш мектеп оқушыларының сенситивті кезеңдерін ескере отырып дене сапаларын дамыту // Қазақстан мектебі. – Алматы, 2022. – №4. – Б. 56–63

Маратова Г.Б., Карагандинский национальный исследовательский университет имени академика Е.А.Букетова, педагогический факультет, гр. М2-ПМНО-25-2р, магистрант
(*Научный руководитель – к.п.н., ассоц.профессор Аубакирова К.Ф.*)

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА (ИИ) ДЛЯ РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКИХ СПОСОБНОСТЕЙ МЛАДШИХ ШКОЛЬНИКОВ

Современное образование сталкивается с вызовом: как развивать творческие способности младших школьников в условиях цифровизации. Искусственный интеллект (ИИ) становится не только инструментом автоматизации, но и средством расширения возможностей детского воображения. Цель данной статьи в том, чтобы осветить практические возможности применения искусственного интеллекта для развития креативности и обозначить перспективы его интеграции в образовательный процесс на уроках трудового обучения в начальных классах.

Творческие способности трактуются как способность личности к созданию нового продукта, отличающегося оригинальностью и ценностью (Гилфорд, 1967; Торренс, 1974). В младшем школьном возрасте ведущей деятельностью остаётся игра, которая формирует воображение, эмоциональную вовлечённость и способность к символизации. Согласно Л.С. Выготскому, именно в игре ребёнок выходит за пределы актуального уровня развития, что создаёт условия для формирования креативности. Таким образом, развитие творческих способностей требует сочетания когнитивных, эмоциональных и социальных факторов.

Искусственный интеллект в педагогике следует рассматривать как технологический феномен, способный трансформировать традиционные модели обучения. С точки зрения когнитивной психологии, ИИ может выполнять функции «внешнего когнитивного инструмента» (external cognitive tool), расширяющего возможности ребёнка в процессе познания. Его использование в образовательной среде младших школьников позволяет реализовать принципы конструктивизма, где знания формируются в процессе активного взаимодействия с цифровой средой.

ИИ способен выступать в роли: генератора идей, обеспечивающего дивергентное мышление через создание множества альтернативных решений; визуализатора, который переводит абстрактные понятия в наглядные формы, облегчая понимание детьми; адаптивного помощника, реализующего индивидуализацию обучения посредством анализа уровня готовности ребёнка и подбора соответствующих заданий. В рамках педагогического эксперимента все предложенные роли ИИ нашли отражение в конкретных учебных ситуациях на уроках трудового обучения, что обеспечило комплексное развитие креативности школьников. Таким образом, ИИ становится не просто инструментом, а медиатором между ребёнком и образовательным содержанием, формируя условия для развития креативности.

Теоретическая модель использования ИИ в развитии творческих способностей младших школьников может быть построена на основе интеграции педагогических принципов и возможностей цифровых технологий. Принцип доступности предполагает, что технологии ИИ должны быть интуитивно понятны и соответствовать возрастным особенностям детей. Это согласуется с идеями Л.С. Выготского о зоне ближайшего развития: ИИ выступает как «опора», позволяющая ребёнку выйти за пределы актуального уровня. Принцип интерактивности отражает диалогическую природу взаимодействия ребёнка с ИИ. В данном случае ИИ выполняет функцию «партнёра по игре», стимулируя воображение и поддерживая творческую активность. Принцип индивидуализации реализуется через адаптивные алгоритмы, которые учитывают когнитивные и эмоциональные особенности ребёнка. Это соответствует современным концепциям персонализированного обучения.

Учитель в данной модели сохраняет ведущую роль фасилитатора, направляющего деятельность и обеспечивающего баланс между цифровыми и традиционными формами творчества.

Перед началом педагогического эксперимента были определены следующие задачи, направленные на развитие творческих способностей младших школьников в процессе трудового обучения с использованием технологий искусственного интеллекта: создание условий для проявления индивидуальных интересов и предпочтений учащихся, обеспечивающих возможность личностной самореализации в учебной деятельности; формирование и развитие навыков постановки творческой задачи и её последующей корректировки, что способствует развитию гибкости мышления и способности к саморефлексии; интеграция средств искусственного интеллекта в процесс визуализации идей, которые далее реализуются в практической деятельности, обеспечивая переход от замысла к материальному воплощению.

Таким образом, задачи эксперимента были направлены на создание педагогических условий, при которых ИИ выступает не только как технический инструмент, но и как средство стимулирования креативности, индивидуализации обучения и формирования продуктивной творческой активности.

Эксперимент проводился в рамках урока трудового обучения во 2 классе КГУ «ОШ имени Бауыржана Момышулы» по разделу «Традиции и фольклор». Темой занятия стало «Национальные орнаменты», а основным материалом для практической работы — текстиль. Целью было развитие творческих способностей учащихся посредством интеграции технологий искусственного интеллекта в учебный процесс.